



«Бекітемін»

Қ.И.Сәтбаев атындағы

ҚазҰТЗУ-нің Ғылым және

Техникалық Ғылымдар факультетінің

қосынды проректоры

Шоқпаров Ә.Ж.

«14» 03 2023ж.

Энергетика және машина жасау институты

Машина жасау кафедрасы

ғылыми семинарының кеңейтілген отырысы

№ 2 ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ

Алматы қ.

«14» наурыз 2023 ж.

Төраға: Абілқайыр Ж.Н. - PhD, «Машина жасау» кафедрасының аға оқытушысы.

Хатшы: Әбілешева Ғ.С. – т.ғ.м., «Машина жасау» кафедрасының ассистенті.

ҚАТЫСҚАНДАР: Елемесов К.К. - т.ғ.к., қауымдас. профессор, ЭжМИ директоры, Керимжанова М.Ф. – т.ғ.к., профессор; Исаметова М.Е. – т.ғ.к., қауымдас. профессор, Удербаетова А.Е. – PhD, қауымдас. профессор; Бортебаев С.А.- т.ғ.к, қауымдас. профессор, ТМЖК кафедрасының меңгерушісі, Альпеисов А.Т.- т.ғ.к., қауымд. профессор, Смаилова Г.А. – т.ғ.к., қауымд. профессор, Абілқайыр Ж.Н. – PhD, аға оқытушы, Әлімбетов А.Б. - PhD, қауымдас. профессор; Ахметова Ш.Д. - т.ғ.к., асоц. профессор; Мустафа А.Қ. - PhD, қауымдас. профессор; Әбілешева Ғ.С. – т.ғ.м., ассистент; Сағатова Л.Б. – м.т.н., оқытушы; инженерлер - Камархан Ж., Арсаланова Н.М., Ткаченко Д.Е.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

"Машина жасау" кафедрасының философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденуші Нусіпәли Роллан Карсонұлы «6D071200 – Машина жасау» мамандығы бойынша PhD дәрежесіне іздену үшін ұсынылған «Ортадан тепкіш батпалы сорғының құрылымын жетілдіру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын талқылау.

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ КЕАҚ диссертациялық кеңесі туралы ережеге сәйкес, диссертациялық жұмыстарды қорғауға қабылдағанға дейін кафедраның кеңейтілген отырысында алдын ала талқылау жүргізілді.

Кеңейтілген кафедра отырысына 1 ай қалғанда, диссертациялық жұмыстың бейіні бойынша, мамандар қатарынан рецензенттер тағайындалды және университет сайтына хабарландыру берілді.

Ғылыми жетекшілері:

Ғылыми кеңесші: т.ғ.к., қауымдас. профессор Исаметова Мадина Есдаулетовна;

Шет елдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, доцент Караиванов Димитър Петков (София, Болгария).

ТЫҢДАЛДЫ:

Төраға: Нусіпәли Роллан Карсонұлы 2018-2021 жылдары Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ докторантурасында «6D071200 – Машина жасау» мамандығы бойынша білім алған. 2020-2022 жылдарда АР08857367 «Қазақстанда өндірілетін ортадан тепкіш сорғылардың энергиялық тиімділік және сенімділік көрсеткіштерін жақсартуды қамтамасыз ететін инновациялық технологиялар дайындау» тақырыбындағы гранттық қаржыландырылатын ғылыми жобада ғылыми қызметкер болып жұмыс жасаған. 2019-2020 жылдарда АР05134409 «Разработка конструкции центробежного насоса с повышенными

показателями работоспособности» тақырыбындағы гранттық қаржыландырылатын ғылыми жобада кіші ғылыми қызметкер болған.

Нусіпәли Роллан Карсонұлының диссертациялық жұмысы бойынша сараптама жүргізу үшін тиісті салада білікті рецензенттер тағайындалды. Удербаета А.Е. – PhD, «Машина жасау» кафедрасының қауымдас. профессор және PhD, қауымдас. профессор, «Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі Нугман Е.З. ғылыми кеңесшілердің оң пікірлері бар.

Жұмыс авторы Нусіпәли Роллан Карсонұлы докторантурада оқып жүрген кезінде Scopus деректер базасында индекстелетін ғылыми басылымдарда жарияланған 4 ғылыми мақалала, отандық ғылыми журналдарда 2 ғылыми мақалала, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда жарияланған 5 баяндамасы бар.

Төраға: Нусіпәли Роллан Карсонұлы! Сізге диссертация мазмұнын баяндау үшін сөз беріледі және регламент 15 минутты құрайды.

Тыңдалды: Нусіпәли Роллан Карсонұлы, ол өз баяндамасында тақырыптың өзектілігін, жұмыстың мақсаты мен негізгі міндеттерін, ғылыми ережелер мен олардың жаңалығын, диссертациялық жұмыстың қысқаша мазмұнын мен нәтижелерін баяндады. Баяндама презентация түрінде ұсынылды.

Төраға: баяндама аяқталғаннан кейін қатысушыларға сұрақтар қоюды ұсынды.

Докторантқа келесі сұрақтар қойылды:

Елемесов К.К. - т.ғ.к., қауымдас. профессор, ЭжМИ директоры:

Сұрақ:

Жұмысыңыздың мақсаты ПӘК көтеру екен. Енді қай модельде сіз ПӘК-ті көтере алдыңыз? Қанша пайызға артық болды?

Жауап:

Мен бірнеше модельмен жұмыс жасадым. ПӘК ті жоғарлату жолдарын қарастырдым. Сонымен менің ортадан тепкіш батпалы сорғының құрылымын жетілдіру нәтижесінде орта есеппен ПӘК 2,1 % -ға дейін көтерілді.

Төраға: рақмет, тағы да сұрақтар болса қойыңыздар.

Альпеисов А.Т. – т.ғ.к., қауымд. профессор:

Сұрақ:

Осы пластиктен жасалған прототипін орнына металл қолданып көрдіңіз бе?

Жауап:

Сұрағыңыз өте орынды. Бірақ менің зерттеуіме бұл тәжірибе орындалмады.

Төраға: иә рақмет, қосымша сұрақтар.

Абілқайыр Ж.Н. - PhD , «Машина жасау» кафедрасының аға оқытушысы:

Сұрақ:

Осы ПӘК-ті көтеру арқылы, Сіздің жұмысыңыздың маңыздылығы артты ма? Жұмысыңыздың нәтижесі қандай салаларға ісер етеді?

Жауап:

Иә, әрине. Әлемдік тәжірибеде 5 % -ға артқанның өзі өте үлкен жетістік. Алынған нәтижелер сынақтық үлгілерді жылдам прототиптеу, сорғыларды жобалау, автоматты жобалау жүйелері, машина жасау салаларының дамуына оң әсер етеді.

Төраға: рақмет, сұрақ қою аяқталды. Енді ғылыми кеңесшіге сөз берсек:

Т.ғ.к., қауымдас. профессор Исаметова Мадина Есдаулетовна – Нусіпәли Роллан Карсонұлының диссертациясы машина - жасау өнеркәсібі мен ғылым үшін өзекті тақырыпта орындалды деп есептеймін. Жұмыс барысында докторант келесі маңызды нәтижелерге қол жеткізген:

- ортадан тепкіш сорғы доңғалағының қалақшасын пішімдеуге мүмкіндік беретін MATLAB ортасында жаңа автоматтандырылған модуль жасалған;

- Python бағдарламасын қолданып CAD жүйелерінде ортадан тепкіш сорғының жұмыс дөңгелегінің 3D геометриясын жобалау мен құрудың жаңа автоматтандырылған әдісі жасалған;

- ортадан тепкіш сорғының жұмыс дөңгелегінің геометриясы онтайландырылған сорғы дөңгелегінің 3D моделі жасалып, қос қисықтық және гетерогенді қалақшалы сорғы дөңгелегінің параметрлері есептелген;

- ортадан тепкіш сорғының жобаланған дөңгелегінің кернеулі-Деформацияланатын жай-күйін анықтау үшін NASTRAN/PATRAN интеграцияланатын ортасында автоматтандырылған есептеулер жүргізілген.

Докторант Нусіпәли Роллан Карсонұлының диссертациялық жұмысын «6D071200 - Машина жасау» мамандығы бойынша "PhD докторы" ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауа Диссертациялық кеңеске ұсынамын деп атап өтті.

Рецензенттердің сөз сөйлеуі:

Удербасева А.Е. – PhD, «Машина жасау» кафедрасының қауымдас. профессор:

Р. К. Нусіпәлидің диссертациялық жұмысы ортадан тепкіш батпалы сорғының құрылымын жетілдіруге бағытталған. Қазақстанда орталықтан тепкіш сорғының құрылымын жетілдіру экономиканың мұнай-газ, химия, аграрлық және басқа да салаларының дамуына байланысты үлкен маңызға ие. Осыған байланысты ортадан тепкіш батпалы сорғының құрылымын жетілдіру өте өзекті тақырып.

Жұмыста диссертацияның мазмұны мен құрылымы туралы келесі кемшіліктер мен ескертулер бар:

1. Диссертациялық жұмыста орфографиялық және стилистикалық қателіктер кездеседі.

2. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әртүрлі стандарттармен рәсімделген және бір жүйеге келтіруді қажет етеді.

3. Тақырыптың өзектілігі толық ашылып жазылмаған.

Жұмысты рәсімдеу бойынша ескертулер. Кейбір стилистикалық қателіктер бойынша редакциялық сипаттағы ескертулер бар.

Ұсынылған диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және жоғары ғылыми-техникалық деңгейде орындалған. Құрамында жаңа ғылыми негізделген нәтижелер бар, оларды пайдалану ортадан тепкіш батпалы сорғының құрылымын жетілдіру және оны дайындаудың технологиясын жақсартудың маңызды қолданбалы мәселесін шешуді қамтамасыз етеді.

Жалпы алғанда диссертациялық жұмысты ғылыми жаңалығы бар толық орындалған еңбек деп есептеймін және ол PhD докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Осы айтылғандарды ескере отырып Нусіпәли Роллан Карсонұлының жұмысын «6D071200-Машина жасау» мамандығы бойынша докторлық диссертация ғылыми дәрежесін беретін диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

PhD, қауымдас. профессор, «Машина жасау» кафедрасының меңгерушісі Нугман Е.З.:

Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және қазіргі заманауи сұраныстарға жауап береді. Жұмыстың нәтижесін тек қана сорғы жасау саласына емес, машина жасаудағы көптеген салалардағы жобалау, зерттеу жұмыстарында қолдануға болады. Жұмысының нәтижесінде 1 пайдалы модельге патент және 1 өнертабысқа патент алынған.

Диссертацияның мазмұны бойынша келесі кемшіліктер мен ескертулер бар:

1. Диссертациялық жұмыста орфографиялық және грамматикалық қателіктер кездеседі.

2. Белгілеулер мен қысқартулар бөліміне қысқартулар мен белгілер тізімі толық қойылмаған.

3. Сынақтан өткізуге арналған стендке орнатылған өлшеу құралдарына қысқаша сипаттама берілмеген.

Диссертациялық жұмыс бойынша аталған кемшіліктер, оның жалпы құндылығын төмендетпейді.

Докторант Р.К. Нусіпәлидің диссертациялық жұмысын ғылыми-практикалық маңызы бар, өзектілігі жоғары және PhD докторлық диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді деп есептеймін. Докторанттың диссертациялық жұмысын 6D071200 – "Машина жасау" мамандығы бойынша PhD докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынамын.

Талқылау:

Керимжанова М.Ф. – т.ғ.к., «Машина жасау» кафедрасының профессоры:

Біріншіден Нусіпәли Роллан Карсонұлы өзіміздің түлегіміз. Диссертациялық жұмыстың көлемі мен жаңалыққа толы екендігін бәріміз көрдік. Көптеген зерттеу жұмыстары жасалған. Бірнеше ғылыми жобаларға қатысқан. Айта кететін жәйт, қазіргі таңда «Жас Ғалым» жобасының иегері. Сіздерді бұл докторантты қолдауларыңыз бен он пікір берулеріңізді сұраймын.

Төраға: жұмыс тақырыбы өте өзекті, ғылыми жаңалық бар, эксперименттік деректер бар, нәтижелер бар, барлық ресми белгілер бойынша жұмыс қорғауға лайық. Мен қолдауды ұсынамын. Біз қазір ашық дауыс беру арқылы қорытындыны қабылдауымыз керек. Кімнің пікірі бар?

Төраға: ұсынылған диссертациялық жұмыстың нәтижелері бойынша шешім қабылданды:

1. Ұсынылған диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен ғылыми-практикалық маңыздылығын, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының болуын тану. Өз мазмұны бойынша жұмыс 6D071200 – машина жасау мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесіне қойылатын барлық негізгі талаптарға сәйкес келеді.

2. Диссертациялық жұмыс жалпы мақұлданысын және одан әрі өтуге ұсынылсын. Оны колда бар ескертулер мен ұсыныстарды ескере отырып, жұмыс тәртібімен пысықтау және диссертацияларды қорғау жөніндегі кезеңдерден одан әрі өту үшін талқылауға ұсыну қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:


Нусіпәли Роллан Карсонұлы 6D071200 – "Машина жасау" мамандығы бойынша Философия докторы PhD ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған «Ортадан тепкіш батпалы сорғының құрылымын жетілдіру» диссертациялық жұмысын Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ диссертациялық кеңесіне ұсыну.

Дауыс беру нәтижелері: " иә " – бір ауыздан; " қарсы " – жоқ; " қалыс қалғандар " – жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ: ашық дауыс беру арқылы Нусіпәли Роллан Карсонұлының диссертациялық жұмысын диссертациялық кеңеске ұсыну туралы шешім қабылданды.

Төраға

Хатшы



Абілқайыр Ж.Н.

Әбілезова Ғ.С.